

**Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
Қостанай қаласы білім бөлімінің №40 бөбекжай-балабақшасы»
Коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны**

«Бірге оқимыз»

«Ақбота» кіші тобы



Қостанай қ

Кіші "Ақбота" тобында тәрбиешілер күнделікті бүлдіршіндерге кітап оқып, таныс ертегілерін қайталап айтқызады.

Кішкентай балалар ұзақ уақыт бойы бір нәрсеге назарын аудара алмайды, сондықтан күніне бірнеше рет 3-4 минут оқуды әдетке айналдырдық.



Оқудың соңында біз балаларға оқиғалардың басты кейіпкерлері мен негізгі сәттері туралы бірнеше сұрақ қоямыз, иллюстрацияларды мұқият зерттейміз.

Бізді баланың мәтінді тыңдаған кезде не сезгені қызықтырады. Біз оған кітаптағы кейіпкерлерге деген сезіміміз бен тәжірибемізді айтамыз.

Балаға неғұрлым көп кітап оқыса, соғұрлым оның ішкі дүниесі бай болады.



Кітап бұрышынан олар өз еркімен таңдап, оқшалану бұрышында таныс мәтіндерді қайталап, иллюстрацияларды қарастырғанды жақсы көреді. Кітаптарды ұқыпты, таза қолмен алып, жыртпай, қарап болған соң орнына қоюды үйретеміз.

Ересек адам – сәбидің жаңа, енді ғана қалыптасып келе жатқан өмірін шексіз шығармашылық әлемімен, кітап әлемімен байланыстыратын қажетті буын. Және бұл байланыстың маңыздылығын асыра бағалау мүмкін емес.